«АҚПАРАТТЫҚ-ЕСЕПТЕУ ОРТАЛЫҒЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«ИНФОРМАЦИОННО-УЧЕТНЫЙ ЦЕНТР»

SINCE 1993

Қазақстан, 010000, Астана, Республика д-лы, 29
+7 (7172) 55-29-81, www.e-qazyna.kz, iac@gosreestr.kz

2026 жылғы 6 қантардағы №А-СТЛ/26-27 шығ.хаты

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті

Облыс әкімдіктері

Осы арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 шілдедегі № 802 қаулысына сәйкес мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) болып айқындалған «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы 2004 жылғы 9 шілдедегі «Жануарлар дүниесін қорғау, қайта өндіру және пайдалану туралы» Заңының 40-бабының 1-тармағы және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 18-04/245 бұйрығына сәйкес, аңшылық жерлер мен балық шаруашылығы су айдындарын бекіту конкурстары мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталын (бұдан әрі – Портал) пайдалана отырып, электрондық түрде өткізіледі.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 35-бабына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 7 қазандағы № 18-02/896 бұйрығына сәйкес мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөніндегі тендерлер де порталды пайдалана отырып электрондық түрде өткізіледі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде 2026 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде қоса беріліп отырған баға прейскурантына сәйкес 2026 жылға арналған мемлекеттік мүлік тізілімінің (бұдан әрі - Мемлекеттік тізілім) деректеріне үздіксіз қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы қоғаммен шарт (бұдан әрі - шарт) жасасуды сұраймыз.

Бұл ретте мемлекеттік сатып алу веб-порталында goszakup.gov.kz осы Шарт "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан

Республикасы Заңының (бұдан әрі – МЗ туралы Заң) 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес жасалады.

Анықтама үшін. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалған тұлғадан мемлекеттік сатып алу туралы Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылады.

Бұл ретте Бірыңғай оператордың мемлекеттік мүлік тізілімінің (бұдан әрі – Мемтізілім) деректеріне оның пайдаланушыларының қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік туралы заң) 200-бабы 9-тармағының 5) тармақшасында белгіленген.

Қоғамның акцияларының жүз пайыздық пакетінің мемлекетке тиесілі екені Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 мамырдағы № 475 қаулысының «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің "Ақпараттық-есептік орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері туралы» 1-тармағымен расталады.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің 2022 жылғы 11 қазандағы № 273/НҚ бұйрығына сәйкес Қоғам арнайы құқық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген (https://www.gov.kz/memleket/entities/zk/documents/details/359387?lang=ru).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 207 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау және пайдаланушыларға одан мәліметтер ұсыну тәртібін қоса алғанда, мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу қағидаларының 35-тармағының 2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік тізілімнің деректеріне қол жеткізуді ұсыну үшін тиісті саланың уәкілетті органы жыл сайын e-Qazyna.kz веб-портал арқылы мемлекеттік тізілімге қол жеткізуді ұсыну үшін өз қызметкерлерінің өзекті тізімдерін бірыңғай операторға жолдайтынын қосымша хабарлаймыз.

Осыған байланысты, 2026 жылға арналған шарт жасалғаннан кейін Сіздің қызметкерлеріңіздің тізімін қоғамға ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеміз *(сіздің қызметкерлеріңізге Мемлекеттік тізілім деректеріне шартсыз қол жеткізуді қоғам 2026 жылғы 1 ақпанға дейін қамтамасыз етеді).*

Қоғам қызметтері бойынша мемлекеттік сатып алу жоспарын жасағанда келесі тауарлар, жұмыстар және қызметтердің кодын (ТЖҚК) таңдауды сұраймыз – 639910.000.000005 *(ақпаратты өңдеу қызметтері).*

Қосымша ____ парақта.

Басқарма Төрағасы **Ж. Оспанов**

Орын. Байбосынов А.Б., тел. (7172) 55-29-81 (ішкі.118),
baibosyn_a@gosreestr.kz